

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 9 қыркүйек 1996 ж. N 1094. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.11.12. N 1553 қаулысымен. ~P971553

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:
Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 9 қыркүйектегі
N 1094 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер
министрлігі туралы
ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын жүргізу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруды және сыртқы қатынастар саласындағы мемлекеттік басқаруды қамтамасыз ететін орталық атқарушы орган болып т а б ы л а д ы .

Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің басшылығымен жүзеге асырады. Жалпы мәселелер жөніндегі Министрліктің қызметіне Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі ж е т е к ш і л і к е т е д і .

2. Өз қызметінде Министрлік Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, басқа да нормативтік-құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені

3.Министрліктің жүйесіне Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері, Қазақстан Республикасының халықаралық, (мемлекетаралық, үкіметаралық) ұйымдар жанындағы өкілдіктері мен өзінің ведомстволық бағынысындағы ұйымдар, сондай-ақ Жоғары дипломатиялық мектеп және Министрлік құратын басқа да оқу орындары кіреді.

4. Министрліктің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының тұжырымдамасы мен негізгі бағыттарын әзірлеу және Қазақстан Республикасының Президентіне және Үкіметіне тиісті ұсыныстарды тапсыру;

2) Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытын жүзеге асыру;

3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысымен бірге Қазақстан Республикасының Президенті үшін Қазақстан Республикасының сыртқы саясат стратегиясы мен Президенттің халықаралық инициативаларын жүзеге асыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

4) Қазақстан Республикасының егемендігін, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын және шекараларының мызғымастығын, оның басқа мемлекеттермен өзара қарым-қатынастардағы және халықаралық аренадағы мүдделерін қорғауды дипломатиялық құралдар мен әдістермен қамтамасыз ету;

5) шет елдерде Қазақстан Республикасы азаматтарының және заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғау;

6) Қазақстан Республикасының шетелдік мемлекеттермен дипломатиялық және консулдық қатынастарын жүзеге асыру;

7) шетелдік мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарда Қазақстан Республикасының біртұтас сыртқы саяси бағытты жүргізуін қамтамасыз ету мақсатында атқарушы өкіметтің басқа да органдарының қызметін үйлестіру және жұмысына бақылау жасау.

5. Министрлік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

1) Қазақстан Республикасының шетелдік мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастары мәселелері жөнінде белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының Президентіне және Үкіметіне ұсыныстар мен ұсыным-кеңестерді әзірлейді және табыс етеді;

2) халықаралық шарттар мен келісімдерді жасасу, бекіту, орындау, қолданысын тоқтату және бұзу туралы ұсыныстарды дайындайды және белгіленген тәртіпте осы ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің қаруына енгізеді;

3) шетелдік мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен келіссөздер жүргізеді;

4) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен келісімдерінің

орындалуына жалпы байқауды жүзеге асырады;

5) Қазақстан Республикасының құқықтық практикасында халықаралық нормаларды жүзеге асыруға жәрдемдеседі, республика заңдарын жетілдіру, оларды Қазақстан Республикасының халықаралық-құқықтық міндеттемелеріне сәйкес келтіру жөніндегі ұсыныстарды даярлайды;

6) Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын, оның қорғанысы мен мемлекеттік қауіпсіздігін, құқықтық тәртіпті қорғауды, айналадағы ортаны сақтауды қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының шетелдік мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен сауда-экономикалық және қаржылық байланыстарын, ғылыми-техникалық мәдени және өзге де алмасуларын дамыту мен кеңейту жөніндегі нақты іс-шараларды әзірлеуге қ а т ы с а д ы ;

7) Қазақстан Республикасының халықаралық бейбітшілікті, ғаламдық және аймақтық қауіпсіздікті, сонымен бірге Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымы мүшесі, жалпы еуропалық және басқа да аймақтық процестердің қатысушысы ретіндегі жауапкершілігін ескере отырып, қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігерлерін дипломатиялық құралдармен және әдістермен жүзеге а с ы р а д ы ;

8) Қазақстан Республикасының БҰҰ, басқа да халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысуын қамтамасыз етеді, халықаралық қоғамдастықтың мүшесі ретінде Қазақстан Республикасының ғаламдық және аймақтық халықаралық проблемаларды шешудегі рөлін арттыруға жәрдемдеседі;

9) Аштықпен және артта қалушылықпен, халықаралық терроризммен, ұйымдасқан қылмыспен және есірткілердің заңсыз айналымымен күресу, сондай-ақ экологиялық жағдайы нашар және техногендік апаттар аймақтарындағы салдарларды жою жөніндегі халықаралық акцияларға қатысады;

10) Қазақстан Республикасының айналадағы ортаны халықаралық қорғау және ұтымды пайдалану, Әлемдік мұхиттың ресурстарын игеру, ғарыш кеңістігін зерттеу саласындағы мүдделерін қамтамасыз етеді;

11) Қазақстан Республикасының сыртқы және ішкі саясаты, елдің әлеуметті-экономикалық, мәдени және рухани өмірі туралы ақпаратты шетелде т а р а т у ғ а ж ә р д е м д е с е д і ;

12) жоғары және үкіметтік деңгейлерде халықаралық алмасулардың протоколдық қамтамасыз етілуін, сондай-ақ дипломатиялық және консулдық артықшылықтар мен иммунитеттердің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

13) Қазақстан Республикасының парламентарлық байланыстарын жүзеге а с ы р у ғ а ж ә р д е м д е с е д і ;

14) Қазақстан Республикасының аумағында және шетелді

халықаралық-құқықтық нормалармен және Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген консулдық функцияларды орындайды;

15) шетелде тұрып жатқан отандастармен байланыстарды және қатынастарды дамытуға жәрдемдеседі;

16) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын тіркеу мен есепке алудың біртұтас мемлекеттік жүйесінің қызмет етуін қамтамасыз етеді;

17) Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің архивін құрады және ұстайды;

18) Қазақстан Республикасы жасаған және күшіне енген халықаралық шарттардың депозитарийі болып табылады;

19) Министрліктің орталық аппаратын, шет елдердегі өкілдіктерін, Қазақстан Республикасының аумағындағы өкілдерін, ведомстволық бағыныстағы ұйымдарын кадрмен қамтамасыз етуді жүзеге асырады, дипломатиялық қызметтің кадрларын даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

20) шифрлік және дипломатиялық-курьерлік байланысты жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;

21) Қазақстан Республикасының аумағындағы шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдіктердің қызмет етуіне жәрдемдеседі, оларға қызмет көрсететін кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың қызметіне өз құзырының шектерінде бақылауды жүзеге асырады;

22) өз құзырындағы мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқару органдарымен, өкілдік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасайды;

23) Қазақстан Республикасының аумағында және шет елдерде ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың, шетелдік өкілдіктер объектілердің күрделі құрылысы мен оларды қайта жаңарту жөніндегі тапсырушының функцияларын жүзеге асырады, тұрғын үй құрылысын жүргізеді, сондай-ақ шетелдік өкілдіктерді орталықтандырылған қаржыландыру, материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

24) Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген басқа да функцияларды орындайды.

6. белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқару органдарынан, сондай-ақ олардың меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, ұйымдардан Министрлікке жүктелген функцияларды жүзеге асыруға қажетті құжаттарды, анықтамалық және өзге де материалдарды алуға; белгіленген тәртіпте аталған органдар мен ұйымдарға ақпарат беруге;

2) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары жобаларының

Қазақстан Республикасы Конституциясына және халықаралық-құқықтық нормаларға сәйкестігін бақылауды жүзеге асыруға;

3) белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің қарауына сыртқы саясат және дипломатиялық қызмет мәселелері жөніндегі заң және өзге де нормативті-құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеу туралы ұсыныстарды енгізуге;

4) белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының елшіліктерін, бас консулдықтарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы өкілдіктерін ашу туралы ұсыныстар жасауға;

5) өз құзырының шектерінде орталық және жергілікті атқару органдарының, сондай-ақ олардың меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, ұйымдардың, олар өздері халықаралық байланыстарды жүзеге асырар кезде, орындалуы міндетті нормативтік актілерді қабылдауға;

6) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды құру, қайта құру және тарату, олардың басшыларын қызметке тағайындау және қызметтен босату, қаржы-шаруашылық қызметті ревизиялау мен тексеру мәселелерін шешуге;

7) белгіленген тәртіпте шетелдік және отандық үкіметтік және үкіметтік емес қорлар мен ұйымдардан одан әрі мақсатты пайдалануды көздей отырып, көмектің ақысыз, гуманитарлық және өзге де түрлерін алуға құқылы.

7. Министрлікті Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметте босататын Министр басқарады.

Министрдің орынбасарларын Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

8. Министр Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы үшін және оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін Қазақстан Республикасының Президенті мен Премьер-Министрі алдында жеке жауапкершілікте болады.

Министр Қазақстан Республикасының Парламенті Палаталарына Қазақстан Республикасы Конституцияның 57-бабының 6)-тармақшасында көзделген жағдайда есеп береді.

9. Министр:

1) Министрліктің жұмысын ұйымдастырады және оның шет елдердегі мекемелерінің жұмысына басшылық жасайды, Министрліктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді, сондай-ақ ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың жұмысын реттейтін ережелерді (жарғыларды) бекітеді, сыртқы саяси, ұйымдастыру, кадр, қаржы, өндірістік-шаруашылық және басқа да мәселелерді шешуде Министрлік жүйесінің лауазымды адамдарының құзырын белгілейді;

2) бұйрықтар мен нұсқаулықтар шығарады, Министрліктің орталық аппараты, шет елдердегі өкілдіктер, Министрліктің Қазақстан Республикасы аумағындағы өкілдіктері, ведомстволық бағыныстағы ұйымдар жұмысының мәселелері бойынша тапсырмалар береді;

3) Қазақстан Республикасының Премьер-Министрімен келісе отырып, Қазақстан Республикасының Елшілерін және халықаралық (мемлекетаралық, үкіметаралық) ұйымдар жанындағы Тұрақты тағайындау, кері шақырып алу, сондай-ақ қызметінде болу мерзімдерін ұзарту және қысқарту туралы Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныстар енгізеді;

4) Қазақстан Республикасының Бас консулдарын тағайындау кезінде Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне ұсыныстар енгізеді;

5) консулдық орналасқан мемлекетпен (тағайындар алдында) келісе отырып, Қазақстан Республикасының штаттан тыс (құрметті) консулдарын тағайындайды және міндетінен босатады;

6) екі тараптық және көп тараптық келіссөздерде Қазақстан Республикасы атынан өкілдік етеді және белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына қол қояды;

7) Қазақстан Республикасының және шетел мемлекеттерінің мемлекеттік органдарымен, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынаста Министрлік атынан өкілдік етеді;

8) өзінің орынбасарлары арасындағы міндеттерді бөледі;

9) еңбекақы төлеудің белгіленген қоры мен олардың қызметкерлері санының шегінде Министрліктің орталық аппараты мен оның Қазақстан Республикасы аумағындағы өкілдіктерінің штат кестесін, сондай-ақ тиісті кезеңге бекітілген бюджеттік қаржыландыру шегінде оларды ұстауға шығыс сметасын бекітеді;

10) еңбекақы төлеудің белгіленген қоры мен олардың қызметкерлері санының шегінде шет елдердегі өкілдіктердің штат кестесін, сондай-ақ бекітілген бюджеттік қаржыландыру шегінде шет елдердегі өкілдіктерді ұстауға шығыс сметасын бекітеді;

11) қажет болған жағдайда бекітілген бюджеттік қаржыландыру шегінде шет елдердегі басқа өкілдіктердің штат санын уақытша (ұлғайту) есебінен Министрліктің орталық аппаратының немесе шет елдердегі өкілдіктердің штат санын уақытша ұлғайта (азайта) алады. Мұндай кезде бір мезгілде тиісінше ұлғайту (азайту) қамтитын штаттық қызмет саны Министрліктің орталық аппараты мен шет елдердегі өкілдігі санының 5 процентінен аспауға тиіс;

12) белгіленген тәртіпте консулдық іс-әрекеттер нәтижесінде алынған қаржыны бөледі;

13) Министрліктің орталық аппараты мен шет елдердегі өкілдіктерінің кеңесші-уәкілден бастап және одан төменгі басшы қызметкерлерін, сондай-ақ

Министрлік жүйесінің басқа да қызметшілерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

14) Жоғары дипломатиялық мектеп ректорының кандидатурасы жөнінде Премьер-Министрге ұсыныс енгізеді, Жоғары дипломатиялық мектептің проректорларын, сондай-ақ Министрліктің басқа да оқу орындарының басшыларын тағайындайды.

15) дипломатиялық қызметті қызметкерлерді белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының құрметті атақтарын беруге ұсынады;

16) атташеден бастап I сыныпты кеңесшіге дейін қоса алғанда дипломатиялық дәрежелер береді, сондай-ақ Төтенше және Өкілетті Елші, I және II сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломатиялық дәрежелерін беру туралы Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныстар енгізеді;

17) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да функцияларды жүзеге асырады.

10. Министрлік пен шет елдердегі мекемелердің персоналы мыналардан тұрады.

1) Министрліктің Қазақстан Республикасының аумағындағы және шет елдердегі мекемелерінде штаттағы оперативтік-дипломатиялық және консулдық қызметтегі дипломатиялық қызметкерлер;

2) келісім-шарт бойынша консулдық орналасқан елде Қазақстан Республикасының дипломатиялық және консулдық мекемелеріне жұмысқа қабылданған Қазақстан Республикасы азаматтарын қоса алғанда Министрліктің Қазақстан Республикасының аумағындағы және шет елдердегі мекемелерінде штаттық қызметтегі әкімшілік-техникалық және қызмет көрсетуші персонал қызметкерлері. Министрліктің шет елдердегі мекемелеріне шет елдік азаматтарды Министрліктің келісімімен тек қызмет көрсетуші персонал қызметіне ғана уақытша жұмысқа қабылдау жүргізіледі.

Министрліктегі және оның Қазақстан Республикасының аумағы мен шет елдердегі мекемелеріндегі жекелеген штаттық қызметте уақытша уақытша келісім-шарт негізінде жұмысқа қабылданатын басқа ұйымдар мен мекемелердің мамандары жұмыс істей алады.

Дипломатиялық қызмет жұмысына әлеуметтік тегіне, ұлтына, жынысына, дінге қатыстылығына қарамастан Қазақстан Республикасының жоғары білімді азаматтары қабылданады.

Дипломатиялық қызметкерлердің, әкімшілік-техникалық және қызмет көрсетуші персонал қызметкерлерінің еңбек қатынастарының тоқтатылуы Қазақстан Республикасының еңбек заңдарымен, басқа да нормативті-құқықтық актілермен реттеледі.

Министрліктің қызметкерлеріне, соның ішінде шет елдерде жұмыс

істейтіндерге және өздерімен бірге тұратын олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Қаржы министрлігінің нұсқаулықтары белгілеген тәртіпте шығыстары Сыртқыісмині бюджетінің арнаулы бабына жатқызылатын ақысыз медициналық жәрдем және қызмет көрсету ұсынылады. Осы ереже Министрліктің зейнетақыда жүрген қызметкерлеріне де қолданылады.

Министрліктің қызметкерлерінің балаларына бұлардың ата-аналарымен бірге шет елде болуы кезінде Қазақстан Республикасының тиісті органдарының келісімімен белгіленген талаптар бойынша орта білім алуы үшін мүмкіндік ж а с а л а д ы .

Министрлік өзіне Министрліктің Қазақстан Республикасы

аумағындағы және шет елдердегі қызметкерлері мен мекемелерінің қауіпсіз қызметін қамтамасыз ету жөнінде міндеттеме алады.

Қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің өмірі мен қауіпсіздігіне қатер төнетін төтенше жағдайлар туған жағдайда Министрлік оларды қорғау жөнінде шұғыл түрде эвакуация жасауға дейін шаралар қабылдайды.

11. Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің қызметкерлеріне олардың қызметін, біліктілігін және жұмыс тәжірибесін ескере отырып, мынадай дипломатиялық дәрежелер беріледі:

атташе

үшінші хатшы

II сыныпты екінші хатшы

I сыныпты екінші хатшы

II сыныпты бірінші хатшы

I сыныпты бірінші хатшы

II сыныпты кеңесші

I сыныпты кеңесші

II сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл

I сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл

Төтенше және Өкілетті Елші

Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметінде жүрген адамдарға, сондай-ақ отставкаға кеткендерге байланысты бұрынырақта КСРО-да берілген дипломатиялық дәрежелер танылады.

Министрлік қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте және мөлшерде шет тілдерін білгені үшін қызметтік кесімді жалақысына

қосымша, дипломатиялық дәрежелері үшін арнаулы қосымша, сондай-ақ арнайы киіндіру үшін дотация төленеді.

12. Министрлікте құрамына Министр (алқа төрағасы), оның орынбасарлары (лауазымдары бойынша), сондай-ақ Министрлік жүйесінің басқа да басшы қызметкерлері енетін адамдарды қоспағанда, Министрлік алқасының мүшелерін Министр бекітеді.

Алқа Министрлік қызметінің аса маңызды мәселелерін қарайды және тиісті шешімдер қабылдайды.

Алқаның шешімдері қаулылар нысанында оның мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады және Министрдің бұйрықтары арқылы жүзеге асырылады.

13. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты мәселелері жөнінде ғылыми негізделген ұсыныстар саясаты мәселелері жөнінде ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу мақсатында министрлік ғылыми-консультативтік, әдістемелік және сарапшылық органдар құра алады.

Мұндай органдардың құрамы мен олар туралы ережелерді Министр бекітеді.

Аталған органдардың қызметін ұйымдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді Министрліктің орталық аппараты жүзеге асырады. Министрлікті ротацияға, басқа жұмысқа ауысуына байланысты немесе жасына қарай қызметтен кеткен аса білікті дипломатиялық қызметкерлер оған жеке өтініші негізінде Министрдің бұйрығымен енгізілетін дипломатиялық қызметтің кадрлар резерві құрылады. Резервте тұрған адамдар одан әрі қарай тұрақты немесе уақытша негізде Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметіндегі жұмыста пайдаланылуы мүмкін.

15. Министрлік белгіленген тәртіпте оның қызметіне қатысты мәселелер бойынша журналдар, бюллетеньдер және басқа да басылымдар шығарылады.

16. Министрлік қызметінің қаржыландырылуы республика бюджетінің қаржылары есебінен жүзеге асырылады.

17. Министрлік заңы тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өзінің атауы қазақша және орысша жазылған мөрі, тиісті мөрлері мен мөртаңбалары, Қазақстан Республикасының банк мекемелерінде, соның ішінде шет елдік валютамен шоттары бар.